

Алматы қаласы	8	8	-	1	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Шымкент қаласы	5	5	-	1	-	-	-	-	-	-	-	-	-

* ДЕМ - дербес елді мекендер.

3. Глоссарий

Қазақстан Республикасының аумағы негізінен екі категорияға – аймақтарға және елді мекендерге бөлінеді.

Өңір – Қазақстан Республикасының мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын, құрамына бірнеше елді мекен кіретін Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі.

Елді мекен – халқының саны кемінде 50 адам болатын, тұрақты тұруға арналған Қазақстан Республикасы аумағының халық ықшам қоныстанған бөлігі.

Республикалық маңызы бар қала – ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе халқының саны бір миллион адамнан асатын елді мекен, онда жергілікті өкілді және атқарушы органдар мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады.

Облыстық маңызы бар қала – халқының саны 50 мың адамнан асатын, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар ірі экономикалық және мәдени орталық саналатын елді мекен, онда жергілікті өкілді және атқарушы органдар мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады.

Аудандық маңызы бар қала – халқының саны кемінде 10 мың адам болатын, аумағында кәсіпорындар, тұрғын үй қоры, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының дамыған желісі, мәдени-ағарту және сауда объектілері бар елді мекен.

Қаладағы аудан – халқының саны 400 мың адамнан асқан кезде астанада, республикалық маңызы бар қалада, сондай-ақ облыстық маңызы бар қалада құрылатын әкімшілік-аумақтық бірлік.

Кент – халқының саны кемінде 500 адам болатын, өнеркәсіптік, көліктік, энергетикалық, рекреациялық не өзге де шаруашылық қызмет негізінде құрылған, кент пен оған іргелес аумақтардың тұрғындарына қызмет көрсетуге арналған базалық әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген елді мекен.

Ауыл – халқының саны кемінде 50 адам болатын елді мекен.

4. Пайдалы сілтемелер

1. [ҚР ҰЖ 11-2021 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші \(ӘАОЖ\)](#)
2. [«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңы](#)

Жауапты шығарушы:	Департамент директоры	Орындаушы:	Мекенжай:
Статистикалық тіркелімдер және жіктелімдер департаменті	Е. Бекбердиев Тел. +7 7172 74-90-58	Д. Төлеуғали Тел. +7 7172 74-97-95 E-mail: d.toleugali@aspire.gov.kz	010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы